

**Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 сәуірдегі N 53 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 08 сәуірде N 2-12-171 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 69 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2012.03.19 N 69 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 03 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 03 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы" N 250 Қаулысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалалық, ауылдық округ әкімдеріне Бастөбе ауылы, Сергей Юн көшесі, 22 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Алматы облысы Қаратал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.
2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды

өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес  
қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға  
с ә й к е с б е к і т і л с і н .

4. Қалалық, ауылдық округ әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан–желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Қаратал аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушысына (Ерғали Құрманәліұлы Әбілғазиев келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 01 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" N 46 (Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылдың 28 сәуірдегі N 2-12-145 нөмірімен нормативтік құқықтық актісі Реестрінде мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген, 2010 жылы 14 мамырда "Қаратал" газетінің 21 санында жарияланған) қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К. Байтаеваға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Медеуов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қаратал ауданының орталық  
аудандық ауруханасы" мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорнының

бас дәрігері

Біржан Асқарұлы Құмаров

01 сәуір 2011 жыл

"Қаратал ауданының ішкі істер  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі

бастығының міндетін атқарушысы

Ерғали Құрманәліұлы Әбілғазиев

01 сәуір 2011 жыл

*"Қаратал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ержан Сансызбайұлы Асылбеков*

бастығы  
01 сәуір 2011 жыл

Аудан әкімдігінің 2011 жылдың  
01 сәуіріндегі N 53  
"Қазақстан Республикасының  
азаматтарын 2011 жылдың  
сәуір - маусымында және  
қазан - желтоқсанында кезекті  
мерзімді әскери қызметке  
шақыру туралы" қаулысына  
1-қосымша

### **Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Ержан Сансызбайұлы Асылбеков - Қаратал ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы;

Бағлан Канапияұлы Берлінбаев - Аудан әкімдігінің төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс және бастапқы әскери дайындық бойынша бас маман, комиссия төрағасының орынбасары.

Комиссия мүшелері:

Серікжан Қалтайұлы Қалтаев - Қаратал аудандық ішкі істер бөлім бастығының орынбасары;

Жанетта Сейтқалиқызы Оязбаева - Медициналық комиссиясының төрайымы аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары;

Сандуғаш Сақмолдақызы Егінбаева - Комиссия хатшысы, Қаратал ауданының "Орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі.

Аудан әкімдігінің 2011 жылдың  
01 сәуіріндегі N 53  
"Қазақстан Республикасының  
азаматтарын 2011 жылдың  
сәуір - маусымында және  
қазан - желтоқсанында кезекті  
мерзімді әскери қызметке  
шақыру туралы" қаулысына  
2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

| №  | Ауыл аймақ аттары  | Сәуір |   |   |   |   |    | мамыр |    |    |    | Қазан |   |   |   |   |    | Қараша |   |   |   |    |    |   |
|----|--------------------|-------|---|---|---|---|----|-------|----|----|----|-------|---|---|---|---|----|--------|---|---|---|----|----|---|
|    |                    | 4     | 5 | 6 | 7 | 8 | 11 | 16    | 17 | 18 | 19 | 3     | 4 | 5 | 6 | 7 | 10 | 11     | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |   |
| 1  | Үштөбе қ.          | +     |   |   |   |   |    | +     |    |    |    | +     |   |   |   |   |    | +      | + |   |   |    |    |   |
| 2  | Балпық а/о         |       |   | + |   |   |    |       |    | +  |    |       | + |   |   |   |    |        | + |   |   |    |    |   |
| 3  | Бастөбе а/о        |       | + |   |   |   |    |       |    | +  |    |       |   | + |   |   |    |        |   | + |   |    |    |   |
| 4  | Елтай а/о          |       |   |   | + |   |    |       |    | +  |    |       |   |   | + |   |    |        |   | + |   |    |    |   |
| 5  | Ескелді а/о        |       |   |   |   | + |    |       |    | +  |    |       |   |   | + |   |    |        |   |   | + |    |    |   |
| 6  | Қаңбақты а/о       |       |   |   | + |   |    |       |    | +  |    |       |   |   |   | + |    |        |   |   | + |    |    |   |
| 7  | Жолбарыс батыр а/о |       |   |   |   |   | +  |       |    |    | +  |       |   |   |   | + |    |        |   |   |   |    | +  |   |
| 8  | Қызылбалық а/о     |       |   |   |   |   |    | +     |    |    |    | +     |   |   |   |   | +  |        |   |   |   |    | +  |   |
| 9  | Айту би а/о        |       |   |   |   |   |    | +     |    |    |    | +     |   |   |   |   | +  |        |   |   |   |    |    | + |
| 10 | Тастөбе а/о        |       |   |   |   | + |    |       | +  |    |    |       |   |   |   |   |    | +      |   |   |   |    |    | + |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК